

**"Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар
Жарлығын жүзеге асыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 ақпан N 221. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.05. N 1809 қаулысымен. ~P001809

"Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701 U952701_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 623 қаулысымен.

2. 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Жол қорының төлемдері бойынша төлеушілердің берешектері тиісті Жол қорына аударылуы тиіс.

3. Мынадай құқықтар берілсін:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен - республикалық Жол қорының қаржыларын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, ал облыстық жол қорларын - облыс әкімдері белгілеген тәртіппен "Қазақ автомобиль жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы жол қорының қаражатын - қаланың әкімі өзі белгілеген тәртіппен пайдалансын;

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 623 қаулысымен. P980623_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.12.09. N 1266 қаулысымен. P981266_

4. Республикалық Жол қорының қаржысын пайдалануға - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, ал облыстық жол қорларын пайдалануға жауапкершілік - облыс әкімдеріне Алматы қаласы жол қорының қаражатын пайдалануға жауапкершілік - Алматы қаласының әкіміне жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді- ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 623 қаулысымен.

5. Мыналар бекітілсін:

Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың 1-қосымшаға сәйкес Жол қорына аударымдардан босатылған халықаралық ұйымдардың тізбесі;

2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының
жіктелісі туралы ереже ;

4-қосымшаға сәйкес республикалық Жол қорының қаржысын пайдалану
туралы ереже ;

5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына кіру, шығу және
өткені үшін алынатын қаржыны бөлу.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді, 3-қосымша күшін жойды - ҚРҰ-нің
1998.07.01. N 623 қаулысымен.

6. Облыстардың әкімдері облыстық жол қорының қаржысын пайдалану
тәртібін "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші
бар Жарлығына сәйкес келтірсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан
Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен
бірлесіп бір ай мерзімде ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын ұстау мен
дамытудың тәртібі мен шығындары туралы есеп беру нысандарын нақтыласын.

8. "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын дамыту
мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 557 P950557_
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 14, 169-бап)
мынадай өзгертулер енгізілсін:

5 және 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының аумағына кіру, шығу және өткені үшін
алынатын қаржы төлем күнгі Ұлттық Банктің бағамы бойынша ұлттық валютада
- теңгемен алынады және республикалық Жол қорына аударылады деп
белгіленсін .

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті есеп айынан кейінгі айдың 10-
на дейін берілген рұқсаттардың саны туралы жергілікті кеден органдарының
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне тоқсан
сайын есеп беруін қамтамасыз етсін".

9. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру
туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы
19 наурыздағы N 260 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 12,
201-бап).

"Қазақстан Республикасындағы халықаралық автомобиль тасымалын дамыту мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі
N 557

P950557_

қаулысына 5-қосымша (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995
ж., N 14, 169-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 ақпандағы
N 221 қаулысына
1 қосымша

Жол қорына аударым төлеуден босатылған автомобиль
жолын пайдаланушы халықаралық ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

1. БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Хатшылық)
2. БҰҰДБ (БҰҰ Дамыту бағдарламасы)
3. ЭЫҰ (Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы)
4. ЮНЕСКО (Мәдениет және білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым)
5. ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым)
6. ХВҚ (Халықаралық валюта қоры)
7. ХҚЖДБ (Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі)
8. ХҚК (Халықаралық Қаржы Корпорациясы)
9. ХДА (Халықаралық Даму ассоциациясы)
10. ХИКА (Халықаралық инвестициялық кепілдік агенттігі)
11. ЕҚЖДБ (Еуропалық Қайта Жаңарту және Даму Банкі)
12. АДБ (Азиялық Даму Банкі)
13. ДСҰ (Дүниежүзілік Сауда Ұйымы)
14. ДТҰ (Дүниежүзілік Турист Ұйымы)
15. Интелсат

16. Интерпол
17. ЭЭК (Әлемдік Энергетика Кеңесі)
18. ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы)
19. Халықаралық Қызыл крест және Қызыл Жарты ай Федерациясы
20. Халықаралық Қызыл Крест комитеті
21. Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай Ұлттық қоғамдары (Қазақстан Республикасы Қызыл Крест пен Қызыл Жарты ай Ұлттық қоғамынан басқа)
22. ХАО (Халықаралық астрономия одағы)
23. Парламентаралық одақ
24. ДИАҚБ (Демократиялық институттар мен адам құқығы жөніндегі бюро)
25. ХЕҰ (Халықаралық Еңбек Ұйымы)
26. ХСО (Халықаралық сәулетшілер одағы)
27. ХҚҰА (Халықаралық кітапхана ұйымдары ассоциациясы)
28. ҰОК (Ұлттық Олимпиадалық Комитеті)
29. АЭХА (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік)
30. ХТҰ (Халықаралық Теңіз ұйымы)
31. ХААҰ (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы)
32. ХСИ (Халықаралық статистика институты)
33. СХҰ (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым)
34. МЗХҰ (Метрология саласындағы заңдар халықаралық ұйымы)
35. ХАК (Халықаралық архивтер кеңесі)
36. ҚЫК (кеден Ынтымақтастығы Кеңесі)
37. ХЭБ (Халықаралық эризоотика бюросы)
38. ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)
39. Бейбітшілік Корпусы
40. ЮНИСЕФ (Балалар қоры)
41. Халықаралық даму жөніндегі агенттік (ЮСАИД)
42. АҚШ ақпарат агенттігі (ЮСИС)
43. ЕҚК (Еуропалық Қоғамдық Комиссиясы)
44. Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Мемлекетаралық Кеңесінің атқару комитеті
45. БҰҰ Жоғарғы Комиссияларының босқындар ісі жөніндегі басқармасы (ЖКББ)
46. Есірткіге бақылау жасау жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНДКП)

1996 жылғы 21 ақпандағы
N 221 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының автомобиль
жолдарының жіктелісі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан автомобиль жолдары ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары және шаруашылық автомобиль жолдары қалалар мен өзге де елді мекендердің көшелері болып бөлінеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 623 қаулысымен.

Р 9 8 0 6 2 3 _

2. Жалпы қолданудағы автомобиль жолдары өзінің халық шаруашылығы және әкімшілік маңызына қарай:

республикалық автомобиль жолдары;
жергілікті автомобиль жолдары болып бөлінеді.

3. Шаруашылық автомобиль жолдары оларды иеленушілер қажетін қамтамасыз ететін және олардың балансында болатын кіретін, технологиялық, қызметтік, патрульдік болып бөлінеді.

3-1. Қалалар мен өзге де елді мекендердің көшелері жергілікті атқарушы органдардың балансында болады.

ЕСКЕРТУ. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.01. N 623

қаулысымен. Р 9 8 0 6 2 3 _

4. Республикалық автомобиль жолдарына мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының астанасын облыстар орталықтарымен қосатын автомобиль жолдары;

облыс орталықтарымен қосатын автомобиль жолдары;
мемлекетаралық маңызды көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары;

халықаралық маңызы бар объектілерге кіретін автомобиль жолдары;
арнайы автомобиль жолдары.

5. Жергілікті автомобиль жолдарына мыналар жатады:

облыс орталықтарын аудан орталықтарымен көршілес аудан орталықтарын және аудан орталықтарын 100 адам және одан артық тұрғыны бар елді мекендермен байланыстыратын автомобиль жолдары;

маңызды облыстық автокөлік қатынасын (темір жол бекеттеріне, аэропорттарға, өзен порттарына, мәдени орталықтарға және тарихи ескерткіштерге ену жолдары) қамтамасыз ететін автомобиль жолдары.

6. Республикалық автомобиль жолдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Жергілікті автомобиль жолдары тізбесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісімі бойынша облыстық мәслихат бекітеді.

8. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары атауына бастапқы және ақырғы, ал қажет болған жағдайда - аралық елді мекендердің атауы енгізілуі тиіс.

9. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолының шақырымын өлшеу мыналар бойынша жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының астанасынан шығатын жолдар үшін - Қазақстан Республикасының Парламенті үйінен;

басқа елді мекендерден шығатын жолдар үшін - елді мекеннің орталығында орналасқан тиісті мәслихаттар, почта немесе мемлекеттік, қоғамдық үйлерден.

10. Жалпы пайдаланудағы жолдар ұзындықтары бойынша: елді мекендерді өзара қосатын жолдар үшін - сәйкес келетін елді мекендердің шекаралары арасындағы арақашықтық; жалпы пайдаланудағы басқа автомобиль жолдарын өзара

жалғастыратын жолдар немесе оларға жанасатын жолдар үшін - түйісетін жолдардың осымен қиылысы;

географиялық, тарихи немесе өзге объектілерді біріктіретін жолдар үшін - осы объектілер шекаралары арасындағы арақашықтық.

11. Қалалар мен өзге де елді мекендер көшелерінің ұзындығы ретінде тиісті қалалар мен елді мекендер шекараларының шегіндегі қашықтық алынады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 11-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.01.

№ 623 қаулысымен.

P980623_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 ақпандағы
N 221 қаулысына
4 қосымша

Республикалық Жол қорының қаражатын
пайдалану туралы
ЕРЕЖЕ

Республикалық Жол қорының қаражаты мына бағыттарға:

нормативті-техникалық құжаттамалар, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-құрастырмалық жұмыстар әзірлемелерін қоса алғанда республикалық автомобиль жолдары мен оларға арналған ғимараттарды ұстауға, жөндеуге, қайта жаңартуға, құрылысқа және жобалау мен инженерлік құрылыс шығындарын қ а р ж ы л а н д ы р у ғ а ;

автомобиль жолдарының техникалық жағдайы мен сапалық жай-күйіне б а қ ы л а у д ы к а м т а м а с ы з е т у г е ;

көлік құралдары, машиналар, механизмдер мен материалдар алуға, құрылыс материалдары, құрылыс индустриясы және машина жасау кәсіпорындарын д а м ы т у ғ а ү л е с т і к қ а т ы с у ғ а ;

мемлекеттік жол кәсіпорындары қызметкерлерінің еңбек және тұрмыстық ж а ғ д а й л а р ы н ж а қ с а р т у ғ а ;

халықаралық жол ұйымдарына қатысуға;

мемлекеттік жол кәсіпорындарының кадрларын даярлау мен қайта даярлауға;

автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорындарының пайдалану және басқа шығындарын қаржыландырумен жол шаруашылығын басқару, Жол қорына қаржы жинаумен байланысты шығындарды өтеуге;

облыстық жол қорларына дотацияларға;

халықаралық қатынас үшін ашық автомобиль жолдарын салу, өткізу

пункттерінің құрылысына және техникалық жабдықтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль құралдарының кіру, шығу және жол-жөнекей басып өтудің рұқсат етілген жүйесін

жүзеге асыруды қамтамасыз ететін және сақталуын бақылайтын органдарды ұстауға және жабдықтауға;

республиканың жол шаруашылығын дамытумен байланысты басқа да мақсаттарға жұмсалады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 ақпандағы
N 221 қаулысына
5 қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына кіргені, шыққаны
және жол-жөнекей басып өткені үшін
алынған қаражатты бөлу

Қаражаттың жұмсалу мақсаты	Аударым, процентпен
1	2

Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне халықара.
лық автомобиль қатынасы маршруттарындағы өткізу
пункттерін салуға және техникалық жабдықтауға,
оларды дамытуға және пайдалануға, инфрақұрылым
объектілерін қоса 13

Республикалық Жол қорына халықаралық автомобиль
қатынасы үшін ашық автомобиль жолдарын ұстауға,
жөндеуге, қайта жаңартуға, жол салуға, жобалауға
және инженерлік жайғастыруға 70

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне
халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық автомобиль
жолдарының бойына орналасқан елді мекендерді
жайғастыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға,

халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асырған кезде
заңдылықты және құқық тәртібінің сақталуы 10

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне
халықаралық автомобиль қатынасы маршруттарындағы
Мемлекеттік автомобиль инспекциясы органдарын
техникалық жарақтандыруға 3

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны
қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетіне халықаралық
автомобиль қатынасы маршруттарындағы өткізу
пункттерін техникалық жарақтандыруды арттыруға 1

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

министрлігінің көлік инспекциясына рұқсат бланкілерін әзірлеуге, халықаралық
қатынас үшін ашық автомобиль жолдары бойымен ауыр салмақты және ірі
көлемді көлік құралдарының жүріп өтуі және қауіпті жүктер тасымалында рұқсат
етілген жүйені жүзеге асыру мен сақталуын бақылау қызметін ұстауға 3